

Мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 19 наурыздағы № 107 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 03 сәуірдегі № 10-8-170 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 наурыздағы № 93 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 17.03.2016 № 93 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

" Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы және " Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Сырдария ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 14.11.2014 N 438 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жұмыс орындарының жалпы санының үш проценті мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Е. Әжікеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Әбілтай